



«ОТАНДЫҚ ЭКСПОРТТАУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА ӘЗІРМІЗ»

– Аллен Сержанұлы, KazakhExport экспорттық-кредиттік агенттікке айналғанын білдік. Сыртқы нарыққа отандық өндірушілердің тауарларын экспорттау бағытында қандай өзгерістер мен нәтижелер бар?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы бойынша өткен жылы KazakhExport толыққанды экспорттық-кредиттік агенттікке айналған. Әлемдік тәжірибеге сәйкес экспорттық-кредиттік агенттіктер ұлттық экспорттаушыларға мемлекеттік қолдау көрсетіп, олардың халықаралық нарыққа шығуына, шетелдік нарықта бәсекелестерге төтеп беріп өз позицияларын нығайтуға, сондай-ақ ел экономикасының диверсификациялануына ықпалын тигізеді. KazakhExport осындай мәртебеге ие болудың арқасында отандық экспорттаушыларды қолдау құралы мен жобалар көлемін айтарлықтай көбейтті. Атап айтқанда, сақтандыру, қайта сақтандыру, экспорттау алдындағы және сауда кезіндегі қаржыландыру, сонымен қатар экспорттық операцияларды кепілдендіру қолданыла бастады.

Бүгінде компанияның портфелінде экспорттық келісімшарттарды әзірлеуден бастап оны орындауға дейінгі міндеттемелердің толық циклін қамтитын әрі қазақстандық нарық қажеттіліктеріне бейімделген жиырмадан астам өнім бар. Қолжетімді тарифтер бойынша қарыздарды сақтандыру банктік несиеге қолжетімділікті едәуір жеңілдетіп, көптеген кәсіпорын үшін айналымдағы қаражаттың жетіспеушілігі мәселесін шешті. Бұл орайда агенттіктің сауда және экспорт алдындағы қаржыландыруды дамытудың аса ірі әлеуеті бар екенін атап өткен жөн. Тек өткен жылдың өзінде ғана бұл бағытта келісімдер екі есеге дейін ұлғайды. Сонымен бірге біз экспорттық келісімшарттар бойынша төлем міндеттемелерін қамтамасыз ету және шетелдік тендерлік сатып алуларға қатысу үшін агенттік кепілдігін қолдануға мүмкіндік беретін кепілдендіру құралын енгіздік. Мұның бәрі еліміздегі экспорттаушыларға мол мүмкіндік болмақ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

«ӨҢІРЛЕР ДАМУЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІКТЕР ЖОЙЫЛУ КЕРЕК»



Осыдан төрт жыл бұрын Ұлытаудан бастау алған Ұлттық құрылтай бүгінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде елдегі қоғамдық бірлікті нығайтуды көздейтін ұсыныстар мен стратегиялардың бірегей көзіне айналғандай.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

ПІКІР

РЕФОРМАНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Кассациялық соттардың артықшылығы.

1. Әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ету: Кассациялық соттар азаматтардың құқықтарын қорғауға, заң бұзушылықтарды анықтауға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді.

2. Сот жүйесінің ашықтығын арттыру. Кассациялық соттар арқылы сот шешімдерінің сапасы мен әділдігі тексеріледі, бұл халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттырады.

3. Жоғары кәсібилік. Кассациялық соттар тек кәсіби және білікті судьялардан тұрады. Олар құқықтық мәселелерді терең зерттеп, әділ шешім қабылдауға бағытталған.

4. Сот шешімдерінің біркелкілігін қамтамасыз ету. Кассациялық соттар түрлі аймақтарда бірдей шешімдер қабылдауға көмектеседі, бұл сот практикасының біркелкілігін арттырады.

Абай САБИРАДИНОВ,
Түпқараған аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Кассациялық соттар – бұл жоғары инстанциядағы соттар, олар бірінші және апелляциялық соттар шешімдерінің заңдылығы мен әділдігін тексереді. Кассациялық соттардың ашылуы Қазақстанның құқықтық жүйесінде соңғы өзгерістер мен жаңалықтарға жол ашты. Олар бірінші және апелляциялық соттардан өткен шешімдердің заңдылығын тексереді және қажет болған жағдайда оларды өзгерту немесе күшін жою құқығына ие.

Кассациялық соттар өз қызметінде тек заңды мәселелерді шешеді, яғни соттардың заңсыз немесе негізсіз шешімдерін қайта қарастырады. Кассациялық инстанция сот жүйесінде соңғы шешімді шығаратын орган болып табылады. Сондықтан оның жұмысын тиімді және әділ жүргізу өте маңызды. **Олардың негізгі міндеті:** 1. Құқықтық нормаларды дұрыс қолдану мәселелерін шешеді, заңның біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді. 2. Сот шешімдерінің заңдылығын тексеру. Соттардың бірінші және апелляциялық инстанцияларда қабылдаған шешімдерінің заңдылығын тексереді. Егер сот шешімі заңсыз болса, кассациялық сот оны қайта қарастырады. 3. Құқық бұзушылықтарды жою. Кассациялық соттар азаматтардың құқықтарын қорғау, заң бұзушылықтарды жою және әділдікті қалпына келтіру міндетін

атқарады. 4. Сот практикасының бірізденуі. Кассациялық соттар жалпы сот практикасын қалыптастырады. Бұл елдің барлық аймақтарында бірдей сот тәжірибесін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қазақстанда кассациялық соттар облыстық, қалалық және республикалық деңгейде жұмыс істейді. Әрбір деңгейде арнайы кассациялық алқалар құрылған, олар тек өз құзыретіне жататын істерді қарастырады.

1. Республикалық кассациялық сот – бұл жоғары деңгейдегі сот, ол еліміздегі барлық аймақтардан түскен кассациялық шағымдарды қарайды.

2. Облыстық және қалалық кассациялық соттар – бұл соттар өз деңгейінде қаралатын істерді шешеді, яғни олар апелляциялық соттың шешімдеріне қарсы шағымдарды қарайды.

4-бет



Ұлттық қауіпсіздікті
нығайту –
тұрақтылық негізі

6-бет



Дене шынықтыру және
спортты дамыту –
ұлт саулығының кепілі

8-бет



Өнерлі балаларға
қамқор мекеме

БАСТАМА

Сот саласы реформалардан кеңде болған емес. Азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін арттыру мақсатында үш дербес кассациялық сот құру бойынша жұмыстар басталғаны белгілі. Осыған орай заңнамаға өзгеріс енгізіліп, жаңа соттарға қажетті ресурстар жасалды. Соның ішінде кассациялық сот судьяларына қойылатын талаптар белгіленіп, кадрларды іріктеу қолға алынды.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ МІНДЕТІ АУҚЫМДЫ



Кассациялық соттың қолданысқа енгізілуі шешімдерінің заңдылығын, әділдігін және бірізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұған дейін кассациялық алқаға түскен істер мен материалдардың таңдап қарау әдісімен таразы басына салынғаны мәлім. Соның салдарынан бір судьяның уәжімен көптеген істер жоғары сатыда қаралмай күшіне енетін. Бұл өз кезегінде азаматтардың сот арқылы қорғану құқығына көлеңке түсіріп, сот жүйесіне деген орынды өкпе-ренішін

тудыратын еді. Ал жаңа өзгерістерге орай кассациялық сот – құқықтық дауларды қайта қарау құқығына ие ең жоғары сот инстанциясы құзыретін алып отыр. Соған орай оның ендігі міндеті төменгі соттар шығарған шешімдердің заңға сәйкестігін тексеруге, қателіктерін түзетуге және сот тәжірибесінің бірізділігін қалыптастыруға бағытталған. Мұндай жаңыртудың арқасында азаматтардың сот төрелігіне деген сенімі нығаяды.

Кассациялық соттың

шешімдері құқықтық соңғы инстанция ретінде қабылданады және барлық мемлекеттік органдар үшін міндетті болып табылады. Жаңа енгізіліп отырған сот әділ сот төрелігінің кепілі. Оның басты міндеті – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын

қорғау, әділетсіз сот шешімдерін түзету және құқықтық жүйені жетілдіру. Биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап жұмысына кіріскелі отырған дербес кассациялық соттар өзіне жүктелген үдеден табылады деген сенімдемез.

Қазақстандағы кассациялық соттар жүйесі еліміздің сот әділеттілігін қамтамасыз етуге маңызды қадам болып табылады. Бұл жүйе азаматтардың құқықтарын қорғауға, сот шешімдерінің әділдігі мен заңдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кассациялық соттар арқылы сот шешімдерінің сапасын арттыру, біркелкі сот практикасын қалыптастыру және сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеп келеді. Бұл қадам елдегі құқықтық жүйені жақсарту мен құқық қорғау саласын жаңғырту бағытында маңызды қадам болып табылады.

Салтанат ҚҰРМАНБАЕВА,
Кеген аудандық сотының
төрағасы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БІТІМ

МҮЛІКТІК ДАУ ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Арал аудандық сотында талап қоюшы К. мен жауапкер У. арасындағы мүліктік дау партисипативтік рәсім тәртібімен реттелді. Талап қоюшы талабында, қазіргі уақытта жауапкермен бірге тұрмауына байланысты жауапкерден ортақ меншік болып табылатын тұрғын үйден үлесін өндіруді сұраған. Татуластырушы-судья тараптармен әңгімелесу барысында заңнамадағы татуластыру рәсімінің тиімділігі мен салдарын түсіндіріп, татуластыру шарасын жүргізген. Нәтижесінде тараптар дауды партисипативтік рәсім тәртібінде реттеуге ниет білдірген.

Партисипативтік келісімнің шарты бойынша, жауапкер талап қоюшымен өзара келісіл-

ген мөлшердегі соманың бір бөлігін қолма-қол беруге, қалғанын бөліп төлеуге міндеттенген. Ал талап қоюшы келісімшарттарын қабылдап, талабынан бас тартқан. Партисипативтік келісімге талап қоюшының адвокаты мен жауапкердің сенімді өкілі қол қойып, сотқа бекіту үшін ұсынған.

Азаматтық процестік кодекстің 277-бабының 6-тармақшасына сәйкес, сот егер тараптар дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Арал аудандық соты
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ӨРТТЕН КӨЗ ЖҰМҒАНДАР АЗАЙМАЙ ТҮР

Қазақстан өрттен көз жұмғандар үлесі бойынша 74 елдің ішінде алғашқы ондыққа кіреді. Бұл Алматыда өткен XIII «Қауіпсіздік, өрттен қорғау, ақпараттық технологиялар және дрондар» – Securex Kazakhstan 2025 халықаралық көрмесі аясында ұйымдастырылған I DronEx конференциясы кезінде айтылды.

«2018–2022 жылдардағы ұлттық статистика органының есебі бойынша әзірленген Өрт статистикасы орталығының мәліметіне сай 100 мың тұрғынға шаққанда өрттен көз жұмғандар саны әлемде 0,7 адамды құрайды. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 1,86 адам болып отыр. Яғни, елімізде апаттың бұл түрінен қайтыс болатын адамдар үлесіндегі айырмашылық әлемдегі орташа көрсеткіштен 2 есе жоғары. Мұндағы ең жоғары көрсеткіш: Беларусь (6,3), Ресей (5,6), Украина (4,4), Молдова (3,4), Эстонияда (3,2) тіркелген», – деді «Бірыңғай стандарт» өрттен қорғау ұлттық бірлестігінің бас

директоры Рамазан Арынғазыұлы. Өрт статистикасы орталығының рейтингіндегі көрсеткішімізде соңғы 2 жылда айтарлықтай үлкен өзгеріс болмағанын ескерсек, бұл мәселе Қазақстан үшін әлі де өзекті. Онда олар: өртке қарсы қорғаудағы жаңа стандарттар мен технологиялар; қазіргі заманғы технологиялардың құтқару қызметінің жеделдігіне әсері; өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған материалдық-техникалық базаны жақсарту; өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аумақтарды бақылау үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану; инновациялық ҰҒА мемлекеттік құрылымдардың барлық са-

ласына арналған әмбебап шешімдер жайын қозғады.

«Бірыңғай стандарт» өрттен қорғау ұлттық бірлестігі басшысының сөзіне қарағанда, өрттің негізгі 3 кезеңі бар. Ол – өрттің шығуы, өртті анықтау және хабарлау, өрт сөндіру. Бүгінгі күні адамзат өртті анықтау, ескерту және сөндірудің тамаша жүйесіне ие болу арқылы мәселені шешті. Шешілмеген мәселе – өрттің бастапқы кезеңінде оның алдын алу болып отыр. Ал оның шешімі – автономды өрт сөндіру құрылғысы (УРА). Бұл өртті ерте кезеңде болдырмауға арналған қауіпсіздік жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Құрылғы басқа өрт сөндіру жүйелеріне, электрмен жабдықтауға және ауа райы жағдайларына тәуелсіз жұмыс істейді, объектілердің жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. УРА өрт қаупін жояды және қоршаған ортаға зиян келтірмейді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КИЕ

ТӘУЕЛСІЗДІК АЙҒАҒЫ

Қай ел мен ұлтта болсын туған тілі қастерлі де қасиетті. Ертеде ата-бабамыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Соның ішінде туған тілін ана сүтімен бойға дарытқан. Бала ес біле бастағаннан-ақ оған салт-дәстүрді ана тілінде өрілген өлең-жырлармен орындап, жас сәби бойына ана тілінің қасиеті мен құндылығын сіңірген.

Өз тілінде сайрап, оны қадыр тұтқан азамат ертеңгі күні елі үшін аянбай еңбек етері сөзсіз. Ана тіліміз арқылы біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз, әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін сүюімен, өз ана тілін ардақтай білуімен өлшенбек. Өркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына,

өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деген екен. Сол айтпақшы сөзімізді, өзімізді жоғалтпауға тырысайық!

Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткені-



С. НАХИПОВ,
Түркістан облысы
кәмелетке толмағандар
істері жөніндегі
мамандандырылған
сотының судьясы

нен де, болашағынан да қол үзеді. Иә, бүгінгі қоғам өзге тілдерді үйренуге ешқандай шек қоймайды. Дегенмен, өз тіліңді жетік меңгергеннен кейін де, өзге тілдерді үйренуге үлгересің дегіміз келеді.

БІЛГЕН ЖӨН

АЛИМЕНТТІ ӨНДІРУДЕ ҚИЫНДЫҚ КӨП



Алимент төлеу міндеттемелері «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекске сай реттеледі. Оны өндіріп алу сот арқылы немесе тараптардың өзара келісімімен жүзеге асырылады.

Егер алимент төлеу туралы келісім болмаса немесе борышкер міндеттемелерін орындаудан жалтарса, онда алимент сот шешімі негізінде өндіріліп алынады. Алимент сотқа жүгінген күннен бастап тағайындалады. Алимент борышкердің табысынан және басқа да кірістерінен ұсталады. Егер алимент төлеушінің тұрақты табысы болмаса, банк шоттарындағы қаражатынан немесе мүлкінен өндіріп алынады.

Борышкер жалақысы немесе өзге де кірісі түскен күннен бастап үш күн ішінде тиісті соманы алушыға аударуға міндетті. Егер алиментті уақытылы аудармаса, бұл үшін борышкердің жұмыс орнының лауазымды тұлғасы жауап береді. Алимент төлеуші жү-

ның кәмелетке толғанына қарамастан, алимент толық өндіріліп алынады.

Борышкер жұмыссыз болса, алимент сомасы сот орындаушысының шешімімен орташа айлық жалақы негізінде белгіленеді. Ал бас бостандығынан айырылған жағдайда, алимент 1 АЕК мөлшерінде есептеледі.

Көп жағдайда алимент төлеу мәселесін сотқа жүгінбей-ақ шешуге болады. Тараптар арасында жазбаша алименттік келісім жасалып, ол нотариуспен куәландырылуы мүмкін. Төлем тәртібі мен мөлшерін өзара келісіп бекітуге мүмкіндік беріледі. Мұндай жағдайда алимент алу процесі жылдам және оңай жүзеге асырылады. Тараптар арасында түсініспеушілік пен жанжалдың алдын алады. Егер алименттік келісім орындалмаса, алимент алушы сот арқылы мәжбүрлеп өндіріп алу үшін өтініш бере алады.

А. ТАНИРБЕРГЕНОВ,
Шымкент қаласы
атқарушылық округінің
жеке сот орындаушысы

КЕСЕЛ

МАС КҮЙДЕ КӨЛІК БАСҚАРҒАНДАР ҚОҒАМҒА ҚАТЕР

Жүргізушінің көлік құралын мас күйде басқарғаны, сол сияқты көлігін мас адамның басқаруына бергені үшін әкімшілік те, қылмыстық та жаза қатаң.

Алайда жауапкершілікті түсінбей, рөлге ішіп алып отырып, заң бұзушылық жасайтындар аз емес.

Мас күйде көлік басқару жүргізушінің өзіне де, өзгелерге де зиян. Ол үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабына сай әкімшілік қамаққа алу және көлік құралын басқару құқығынан айыру жаза-сы қарастырылған. Ал, жүргізуші куәлігінен айырылған мас адамның көлік жүргізуі Қылмыстық кодекстің 346-бабына сай қыл-

мыс ретінде танылатынын, ол үшін бас бостандығынан айыруға дейінгі қатаң жаза қарастырылатынын кейбір адамдар ескере бермейді. Негізгі жазадан бөлек өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айыру жөніндегі қосымша жаза тағы бар.

Қазір арқаны кеңге салып, заң талаптарын ескермей жүрудің құқықтық салдары ауыр болатындығын түсінетін, заңды сыйлауды тереңінен сезінетін уақыт. Әкімшілік жауаптылықтан кейін қайталап мас күйінде көлік жүргізсе, қылмыстық жауаптылық бар екенін әр адам есінде ұстаса екен дейміз.

Г. МУХАМБЕТКАЛИЕВА,
Байғанин ауданы
сот әкімшісінің бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ,

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

«Өңірлер дамуындағы теңсіздіктер жойылу керек»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көрікті Көкше жерінде өткен төртінші Ұлттық құрылтайда қоғам үшін маңызды әлеуметтік-мәдени мәселелер талқыланды. Оның жұмысы алдымен «Мәдениет, өнер және руханият», «Азаматтық қоғам», «Ғылым және техника» және «Әлеуметтік-экономикалық даму» секциялары бойынша жүріп, еліміздегі өзекті мәселелер көтеріліп, нақты ұсыныстар берілді.

Салық – бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі

Құрылтайдағы негізгі сөзді әрине, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтып, ел дамуының басым бағыттарын айқындап берді. Онда соңғы кезеңде қоғамда қызу талқыландыран өзекті мәселелерден бастап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси бағдарына қатысты басымдықтар түгел қамтылды. Президенттің айтуынша, алғашқы құрылтай өткен үш жылдың ішінде Қазақстан жаңа тұрпатты ел болды. Саяси реформалар жан-жақты өзгерістер жасауға мүмкіндік берді. Ел ішіндегі өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері жұртымызды ортақ мақсатқа, игі істерге жұмылдырып, орасан зор үлес қосты. Көкшеге келгеннен бері де көптеген бастама көтеріп жатыр. Үкімет мүшелері, Президент Әкімшілігінің өкілдері, Парламент депутаттары көптеген сұрақтарға жауап беріп, пікір алмасуға белсенді түрде қатысты. Президент оларға рақмет айта келе, ел назарында тұрған салық реформасына қатысты пікірін білдірді. Президенттің айтқанынан түйеніміз салық жүйесі, бұл – бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса, мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды. Сондықтан еліміз үшін аса қажет шаралардың мән-маңызын халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру керек. Салық бойынша батыл шараларды дәл қазір қабылдау керек. Әйтпесе, бұдан да зор қиындыққа тап боламыз.

Президент жұртшылықты алаңдастырар бірінші уақыт белдеуіне көшуге қатысты да ұстанымын жеткізді. Қасым-Жомарт Кемелұлының айтуынша, Үкімет пен Парламент бұл мәселені талқылады. Арнайы зерттеулер жүргізілді, шешімге күмән келтірген қоғам белсенділерінің қауіпі мен күмән-күдігі расталған жоқ. Біздің кең-байтақ жеріміз бар, халқымыздың саны да салыстырмалы түрде алғанда көп емес. Сондықтан елімізде бірінші уақыт белдеуі болуға тиіс. Бұл тәсіл мемлекетті басқару ісін жеңілдетеді, логистика мен көптеген бизнес-үдерісті оңтайландыруға септігін тигізеді. Осымен пікірталасты доғару керек. Бұл мәселені саясиландырудың қажеті жоқ.

Көрсерменге ұсынылатын кшполарды сүзгіден өткізу керек

Қоғамның назарындағы тағы бір мәселе дінге қатысты. «Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды» – деді Президент.

Құрылтай мүшелері айтқан соңғы кезде ел ішінде жиілеп кеткен түрлі алаяқтық әрекеттер, көбейіп кеткен жұртқа ақыл айтып ақша табатын жалған психологтар мен «коучтарды» жауапты органдардың назарға алуы керектігін шегеледі. Сонымен қатар қазір кинотеатрда көрсетілетін фильмдерге қатысты қоғамдық сыннан қорытынды шығу қажеттігіне назар аударды. Соңғы мәселеге қатысты: «Кино маңызды идеологиялық құрал екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырған жөн» деді.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу маңызды

Тағы бір маңызды мәселе ретінде Президент адвокат Айман Омарова



хат арқылы жеткізген әйелдер колониясындағы ахуалға тоқталды. Бұл орайда жүкті әйелдер мен кішкентай балалары бар әйелдердің жағдайына баса назар аударып, «Ер адам немесе әйел болсын, бас бостандығынан айырылғандардың бәрі заң алдында бірдей. Дегенмен адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алып, «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтай отырып, кәмілетке толмаған баласы бар әйелдерге қатысты кейбір заңдық ұстанымдарды қайта қарауға болады деп ойлаймын. Құқық қорғау органдары мен депутаттар осы мәселені байыпты әрі жан-жақты зерттеп, шешім қабылдау үшін ұсыныстар енгізуі керек» деді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске қатысты заң қабылданған соң ахуал біршама жақсарды. Бірақ кейбір шалғай аудандарда әлі күнге дейін мұндай келеңсіз оқиғалар тыйылмай тұр. Жат діни ағымының жетегінде жүрген адамдар жағдайды тіпті ұшықтыруда. Жергілікті билік өкілдері мен қоғам белсенділері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысынан шет қалып отыр. Оның үстіне, осы бағыттағы жұмыстар қазір әртүрлі құжатпен реттеледі. Соның бәрін бір жерге жинақтаған дұрыс.

Бағдарлама қабылдаумен іс бітпейді

«Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама қабылданғаны жөн. Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қа-

тар жүруі керек. Ашығын айтқанда, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Енді жаңарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс. Себебі тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуға қажет. Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер. Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсыныпты. Президент мұнымен келісетінін білдірді.

Мемлекет басшысы назар аударған мәселелер қатарында ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру, жасампаздық құндылықтарын дәріптеу, әлеуметтік кеселдерді жою, азаматтық қоғамды дамыту болды. Ол мұның бәрі ауқымды идеологиялық жұмыстың ажырамас бөлігі екенін айта келіп, ішкі саясаттағы шаруаның бәрін жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат керек деген ұлттық құрылтай мүшелерінің пікірімен келісетінін жеткізді. Сондықтан мемлекеттік органдар бұл жобаны жан-жақты зерделеп, барлық мәселені пысықтауға қажет. Тұжырымдамада халқымыздың бірегей болмысын, өмір салтын сипаттай-

тын жалпыұлттық құндылықтар мен негізгі нышандар айқын көрсетілуі керек. Бұл, ең алдымен, осы құндылықтар мен нышандарды қоғамда орнықтыру, оларды кенінен дәріптеу және қорғау үшін қажет.

Ұлттық киім – бірегей болмысымыздың көрінісі

Жалпы, Мемлекет басшысы өз сөзінде Ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға айрықша маңыз берді. Бұл орайда әсіресе, төл мәдениетіміздегі Әз-Наурыз мейрамының орнын ерекше атап өтті. Тоқаевтың айтуынша, Наурыз мерекесі туралы жаңа тұжырымдама әзірленді. Еліміз Ұлыстың ұлы күнін 14 наурыздан, яғни Аман күнінен бастап, он күн бойы атап өтетін болды. Әр күнге нақты атау берілді. Жұртшылық бұл бастаманы жақсы қабылдады. Әсіресе, Наурыз-намадағы «Ұлттық киім күні» қоғамның зор қолдауына ие болды. «Бет-жүзді тұмшалайтын қара киімнен гөрі, өзіміздің ұлттық киімдеріміз әлдеқайда артық. Әсіресе, әйелдердің дәстүрлі киімі өте ғажап көрінеді. Себебі ұлттық киім, бұл – біздің бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды көрінісі. Оны жан-жақты дәріптеуіміз керек» – деді ол осы ретте.

Қазақстанды әлем өркениетінің дербес бөлігі ретінде танытуға қатысты нақты ұсыныстар берді. Президенттің айтуынша, Қазақстан Ұлы дала жүрегі ретінде бүгін де өзінің тарихи миссиясын жалғастыра беруі керек. Ғылыми зерттеулер жүр-

Пікірлер

Нұрлан БЕКНАЗАРОВ, Парламент Сенатының депутаты: ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ТАҒДЫРЛЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНАТЫН ЕРЕКШЕ АЛАҢ

Кезекті IV Ұлттық құрылтай – еліміздің саяси және әлеуметтік дамуы мен жарқын болашағы үшін маңызды шара. Бұл жылы халық пен билік арасындағы ашық диалогтың жарқын көрінісі, елдік мүддені көздейтін аса қажетті алаң. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып отырған бұл институт қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылап, олардың шешу жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Құрылтай барысында заң мен тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және есірткіге қарсы күрес мәселелері кеңінен талқыланды. Бұл – еліміздің тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігі үшін шешуші тиіс басты міндеттер. Құқық қорғау саласын күшейтеу, заңның үстемдігін орнату және әділдік қағидаларын сақтау – халық үшін құлақ асатын мемлекеттің басты ұстанымы. Осы бағытта кешенді шаралар қабылдау – баршамызға ортақ жауапкершілік. Сондай-ақ, құрылтай қоғамның бірлігі мен тұрақтылығын сақтау мәселесіне ерекше назар аударды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу, оның алдын алу және жәбірленушілерге жан-жақты қолдау көрсету – мемлекет үшін маңызды басымдықтардың бірі. Президент атап өткендей, бұл бағыттағы жұмыстар күшейтіліп, заңнамалық тетіктер жетілдірілуі тиіс.

Ұлттық құрылтай – елдің болашағы үшін тағдырлы шешімдер қабылданатын ерекше алаң. Мұнда қоғам өкілдерінің ұсыныстары тыңдалып, олардың ой-пікірлері ескеріледі. Бұл институттың жұмысы халық пен билік арасындағы сенімді оянып отырып, еліміздің тұрақты дамуына өз үлесін қоса беретіні сөзсіз.

Закиржан КУЗИЕВ, Парламент Сенатының депутаты: АГРАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН РЕФОРМАЛАР ҚАЖЕТ

Бурабайдағы Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелер шынымен де қоғам үшін өзекті. Олар шешімін табуы

үшін тек билік емес, қоғам да белсенділік танытуы керек. Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы әлеуеті зор екені белгілі. Енді соны тиімді пайдаланатын кез келді. Біз алдағы бес жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімін екі есе көбейтіп, осы саладағы еңбек өнімділігін үш есе арттыруымыз керек. Қазақстан 10 жыл ішінде бидайды терең өңдеп, дайын өнім өндіретін және оны әлемдік нарыққа шығаратын ең үздік он елдің қатарына қосылуға тиіс. Президент Қ. Тоқаевтың бұл мәлімдемесі ауыл шаруашылығын дамытудағы үлкен мақсаттарды айқындап отыр. Расында да, Қазақстанның асарлық әлеуеті жоғары, бірақ оны толық тиімді пайдалану үшін кешенді реформалар қажет.

Руслан РҮСТЕМОВ, Парламент Сенатының депутаты: КЕЛЕСІ ЖЫЛЫН СЫР ЕЛІНДЕ ӨТЕДІ

Қазір әлемдік геосаяси жағдай күрделене түсумен қатар, Орталық Азияда су қауіпсіздігі сезіліп, электр энергиясына деген тапшылық байқала бастады. Мемлекеттің дамуы үшін бұл қажеттіліктерді тездетіп шешу де аса маңызды. Қазақстан халқы еліміздің мәдени-рухани, әлеуметтік-экономикалық дамуын жүзеге асыру мақсатында Мемлекет басшысының тарапынан қабылданған стратегиялық шешімдер мен халықиылы бастамаларға үміт артып, келешекке сеніммен қарауда.

Президент өз сөзінде: «Билік ел астанасын Қызылордада көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толып отыр. Осы ретте Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын», – деді.

Мемлекет басшысының бұл шешімі Қызылорда облысында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар мен елдің ерен еңбегіне берілген лайықты баға деп санаймын.

Шындығында да еңбек ырағын бір сатке баяулатпаған жерлестеріміздің бірлігімен келген осы жетістіктерді – яғни, облыс экономикасына инвестициялық түсімдердің артуын, құрылыс қарқынының өсуін, аграрлық саладағы өсімді жерлестеріміз Президенттің Сыр өңіріне қолдауы мен қамқорлығы деп түсінеді.

гізу, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, археологиялық қазба жұмыстарын жандандыру, музей ісін дамыту, шетел мұрағаттарын зерделеу, салт-дәстүрімізді жаңғырту – осы жұмыстың бәрін бір жоспарға келтіру керек.

Алда тұрған негізгі міндеттер әрине, негізінен экономикаға бағытталды. Бұл орайда Мемлекет басшысы аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өңірлердің даму деңгейіндегі теңсіздікті жою қажеттігін атап көрсетті. Биыл экономиканың нақты секторына жұмсалатын қаржы көлемін екі есеге жуық көбейтіп, 8 триллион теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Алдағы жылдары Үкімет нақты секторға бөлінетін қаржы көлемін 10 триллион теңгеге дейін жеткізуге тиіс. Бұл жерде бизнес-ті қолдаудың елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды шаралары туралы айтылып отыр. Алдағы төрт жыл ішінде елімізде жыл сайын 200-ге жуық инвестициялық жоба іске қосылады. Осы арқылы мемлекеттің жаңа индустриялық қалыбын жасап, көлік-транзит әлеуеті нығайтыла бермек.

Қуатты аймақ – қуатты ел

Ауылды дамыту тұжырымдамасында шекаралық аумақтарға қатысты жұмыстың негізгі бағдары айқындалған. Шеткері жатқан елді мекендердің ахуалы ел іргесінің бекем болуына тікелей әсер етеді. Бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты белсенді түрде жалғастыру керек. Аймақтардың дамуындағы алшақтықты жою үшін нақты стандарттарға сүйене отырып инфрақұрылым, әлеуметтік қамсыздандыру, экологиялық көрсеткіштер және басқа да маңызды өлшемдер бойынша артта қалған өңірлерді анықтау қажет. Орталықтың күш-жігерін осындай алшақтықты жоюға жұмылдыру маңызды. Сол үшін қазір өңірлерді дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Құжатта аймақтар арасындағы теңсіздікті жоюға және мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған тың тәсілдер қарастырылады. Өңірлердің іс-қимылы нақты салаға жауапты мемлекеттік органдардың республикалық деңгейде атқарып жатқан жұмыстарына сәйкес жүргізілуі қажет. Іс-шаралар үйлесімді болуға тиіс. Бұл – барлық салаға қатысты мәселе.

Экономиканың барлық саласына цифрлық технологиялардың енгізілуі еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын ең басты фактор болуға тиіс. Бұл жерде цифрлық активтер индустриясы мен блокчейн технологиясын дамыту маңызды рөл атқарады. Цифрлық активтердің заңды айналымын қамтамасыз ету, криптоайырбастау қызметін жүргізу және цифрлық майнингке инвестиция тарту үшін осы саланы реттеу ісін ырықтандыруда шұғыл шаралар қабылдау қажет. Бұл қадам еліміздің осы аймақтағы цифрлық қаржы технологияларының орталығы ретіндегі рөлін арттырады. Сондай-ақ цифрлық активтердің көлеңкелі айналымын азайтуға мүмкіндік береді әрі салық түсімін көбейтуге септігін тигізеді.

Сонымен қатар туризм аймақтардың дамуына серпін беретін сала болуға тиіс. Жергілікті жердегі республикалық және халықаралық іс-шаралар өңірлердің туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Биыл Таразда өтетін «Достастық жәрмеңкесі» осындай жобаның бірі болмақ. Жәрмеңкеге көптеген елдің қолөнершілері мен ауыл шаруашылығы мамандары шақырылды. Бұл іс-шара серіктес елдермен экономикалық байланысымызды одан әрі күшейтеді.

Үш жылдың ішінде екі триллион теңгеден астам заңсыз активтер елге қайтарылды. Бұл қаржының аймақтардағы өзекті экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу-ге жұмсалып жатқаны өте маңызды. Осы жайлы айта келіп, Президент «Қуатты аймақтар – қуатты ел» ұстанымы – менің саяси бағдарымдағы мызғымас қағиданың бірі. Үкімет осы қағиданы негізге ала отырып, облыстардың еншісіндегі әлеуметтік салықты сақтап қалу туралы шешім қабылдады. Алайда облыс әкімдері бюджет қаржысын үнемдеп, тиімді пайдалануы керек. Елге пайдасы тиетін әлеуметтік маңызы бар жобаларға басымдық беру қажет. Бүгін айтылған бастамалар мен жобалар аймақтардың бірқалып дамуына ықпал етіп, еліміздің одан әрі өркендеуіне жол ашады деп сенемін» – деді.

ПАЙЫМ

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Жалған ақпараттардың таралуы, мемлекеттік құпиялардың ашықтығы, экономикалық тәуелділік, шетелдік ықпал мен кибершабуылдар – Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне төнген басты қатер. Қазіргі қазақстандық қоғам үшін әрбір ақпараттың анықтығы мен дәлдігі маңызды. Ол мемлекеттің тұрақтылығы мен тыныштығының, ауызбіршілігінің кепілі.



Қазақстан Еуразия жүрегінде орналасқандықтан, геосаяси ойыншылар үшін маңызды аймақ болып қала береді. 30 жылдық тәуелсіздік кезінде ел өзінің көпвекторлы саясатын ұстанып келді. Алайда соңғы жылдары Қазақстан түрлі ықпал ету әрекеттерінің нысанына айналды.

Ресей-Украина соғысы басталғаннан кейін Қазақстанның сыртқы саясатына қатысты сұрақтар көбейді. Ел билігі бейтарап ұстанымда екенін мәлімдегенімен, сарапшылар мұндай позицияны ұзақ уақыт сақтап қалу қиын екенін айтады. Саяси сарапшы Айдоос Сарым бұл туралы былай дейді: «Қазақстанда Ресейге бағытталған санкцияларды айналып өту әрекеттері жиілеп кетті. Бұл елімізге қосымша экономикалық және дипломатиялық қысым әкелуі ғажап емес. АҚШ пен Еуропа Қазақстаннан санкцияларды қатаң сақтауды талап етсе, Ресей оны

«достықсыз әрекет» ретінде қабылдауы мүмкін».

Екінші жағынан, Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасы Қазақстанға инвестиция құйғанымен, кейбір сарапшылар оны «экономикалық экспансия» деп бағалайды. Қазақстанға Қытайдан келетін қарыз көлемі артып келеді, ал бұл өз кезегінде тәуелділікті күшейтеді. Осы тұрғыда елдегі әлеуметтік желілер мен БАҚ арасында жалған, болжамды ақпараттар желдей есіп тұр. Мұның бәрі ақпараттық қауіпсіздікке көлеңке түсіреді.

Экономикалық қауіпсіздік – мемлекеттің басты тіректерінің бірі. Қазақстан экономикасы шикізатқа тәуелді, ал мұнай бағасының ауытқуы ел экономикасына тікелей әсер етеді. Бірақ бұл жалғыз қауіп емес.

Қазақстан шет елдерден азық-түлік пен өндірістік тауарлардың басым бөлігін импорттайды. Егер сауда серіктестерімен қарым-қаты-

нас қиындаса немесе логистикалық тізбектер бұзылса, елде азық-түлік тапшылығы орын алуы мүмкін.

Экономист Расул Рысмамбетов: «Біз Ресейге де, Қытайға да экономикалық жағынан тәуелдіміз. Егер ертең Ресей Қазақстанға газ бен мұнай өнімдерін жеткізуді тоқтатса немесе Қытай несие беруді доғарса, экономикамыз ауыр соққы алады. Сондықтан бізге нақты экономикалық стратегия қажет» – дейді.

Сонымен қатар, елдегі сыбайлас жемқорлық экономикалық қауіпсіздікті әлсіретіп отыр. Қазақстанда оффшорлық аймақтарға кетіп жатқан қаржы көлемі жыл сайын өсуде.

Бұған дейін Қазақстаннан шетелдік оффшорларға шыққан миллиардтаған доллардың нақты қайда жұмсалып жатқаны белгісіз екені анықталған.

Бүгінде соғыс тек әскери қақтығыстармен шектелмейді. Ақпараттық шабуылдар – кез келген мемлекеттің тұрақтылығына төнетін басты қауіптердің бірі. Қазақстан бұл соғыста қаншалықты қорғаныссыз? Әлеуметтік желілерде таралатын жалған ақпараттар қоғамды тұрақсыздандыруға бағытталғаны байқалады. Бірнеше жыл бұрын фейк жаңалықтар тек қарапайым блогерлердің ойдан шығарған мәліметтері болса, қазір олар кәсіби деңгейде жасалауда.

Ақпараттық қауіпсіздік маманы Арман Байдосов: «Кейбір жалған ақпараттар шетелден қаржыландырылуы мүмкін. Мақсат – халықты билікке қарсы қою, ел ішінде тұрақсыздық тудыру. Бұл тек қана саяси мәселе емес, бұл – ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп» – деген пікір айтады.

Қоғамдық тексеріс бірнеше жалған ақпарат көзін анықтады. Олардың ішінде анонимді Telegram-арналар, әлеуметтік желілердегі боттар және белгісіз IP-адресстерден таратылатын бейне-материалдар бар. Қалай десек те, жан жақтан ақпараттар жауған кезеңде өмір сүріп жатқан қазақ қоғамы үшін жалған ақпараттарға міндетті түрде сүзгі керек екені даусыз.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

БІР МҮДДЕ

Ұлттық қауіпсіздік – мемлекет тұрақтылығының тағы бір маңызды аспектісі.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Олар тек әскери немесе саяси сипатқа ғана ие емес, сонымен қатар экономикалық, ақпараттық және киберкеңістіктегі тұрақтылыққа да тікелей әсер етеді. Қазіргі заманның қауіптері көзге көрінбейтін, бірақ салдары өте ауыр болуы мүмкін құбылыстармен ерекшеленеді. Сондықтан бұл мәселеге тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, тұтас қоғам болып назар аудару қажет.

Бірінші кезекте, геосаяси тепе-теңдікті сақтай отырып, тәуелсіз саясат жүргізу – мемлекеттің басты міндеті. Қазақстанның көпвекторлы саясаты ұзақ жылдар бойы тұрақтылықтың кепілі болып келді, алайда бүгінгі өзгермелі әлемде бұл саясатты одан әрі нығайту қажет. Көршілермен тең дәрежелі қарым-қатынас құрып, ешбір мемлекеттің ықпалына толықтай кіріп кетпеу – ұлттық мүддені қорғаудың басты шарты.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекет тұрақтылығының тағы бір маңызды аспектісі. Қазақстан шикізатқа тәуелділіктен арылып, өңдеу өнеркәсібін дамытуға, отандық өндірісті күшейтуге, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық беруі керек. Импортқа толықтай тәуелді болу – сыртқы күштердің ел экономикасын басқаруына жол ашады. Егер ертең санкциялар күшейсе немесе жаһандық дағдарыстар орын алса, Қазақстан өзін-өзі қамтамасыз ете алатындай деңгейге жетуі тиіс.

Ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық соғысқа қарсы тұру – тек биліктің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Бүгінгі қоғамда шынайы ақпарат пен фейк жаңалықтарды ажырата білу – маңызды дағдыға айналды. Әлеуметтік желілерде тарайтын манипуляцияларға еріп кетпеу үшін халықтың медиа сауаттылығын арттыру қажет. Ал мемлекеттік деңгейде ақпараттық саясатты күшейтіп, қоғамды тұрақсыздандыруға бағытталған үгіт-насихаттар мен фейк жаңалықтарға қарсы тұратын жүйе қалыптастыру керек.

Киберқауіпсіздікті нығайту –

XXI ғасырдағы мемлекеттің басты қорғаныс құралдарының бірі. Қазақстанда цифрлық жүйелер дамып жатқанымен, оларды қорғайтын механизмдер әлі де әлсіз. Хакерлік шабуылдар, деректердің сыртқа тарауы, жеке мәліметтердің қара нарықта сатылуы – бұның барлығы елдің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді. Сондықтан IT мамандарды дайындауға, мемлекеттік серверлердің қорғанысын күшейтуге, халықтың киберсауаттылығын арттыруға ерекше назар аудару керек.

Шекаралық қауіпсіздік пен көші-қон саясаты да назардан тыс қалмауы тиіс. Қазақстан – Еуразиядағы ең ұзын шекараға ие мемлекеттердің бірі, бірақ оны толық бақылауда ұстау – күрделі міндет. Соңғы жылдары заңсыз көші-қон, контрабанда, шекара маңындағы қылмыстар жиілеп кетті. Сонымен қатар, көрші елдерден ағылған мигранттар толқыны да әлеуметтік-экономикалық жағдайға ықпал етіп отыр. Бұл салада нақты заңнамалық реформалар қажет, әсіресе шекараны қорғау технологияларын жетілдіріп, көші-қон саясатын қайта қарау маңызды.

Ұлттық қауіпсіздік – тек мемлекеттік органдардың ғана жұмысы емес. Бұл – әрбір азаматтың өміріне тікелей әсер ететін мәселе. Егер біз еліміздің тұрақтылығын сақтағымыз келсе, әрқайсысымыз осы процестің бір бөлшегіне айналуымыз керек. Қарапайым азаматтар жалған ақпаратқа ермей, отандық өнімдерді қолдап, цифрлық қауіпсіздікті сақтауды үйренсе, билік өз тарапынан жүйелі реформалар жүргізсе – Қазақстан кез келген қауіпке төтеп бере алады.

Қазір еліміз үлкен өзгерістер кезеңінде тұр. Бұл процесте бізге ең бастысы – ұлттық мүддені қорғау, елдің тұрақтылығын сақтау және кез келген сыртқы немесе ішкі қауіп-қатерге дайын болу. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл тек бүгінгі күннің ғана емес, келер ұрпақтың да болашағына жасалатын инвестиция.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ БІРЛІК КЕРЕК

Қылмыс – қоғамның тұрақтылығына, азаматтардың қауіпсіздігіне және мемлекеттің дамуына тікелей әсер ететін күрделі әлеуметтік құбылыс. Қазақстанда қылмысқа қарсы күрес бағытында ауқымды реформалар жүргізіліп, заңнамалар жетілдіріліп жатқанына қарамастан, бұл мәселе өзекті болып қала береді. Қылмыстың алдын алу және оны азайту үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. 2024 жылы Қазақстанда жалпы қылмыс деңгейі 11%-ға төмендеп, 152 473-тен 140 272 жағдайға дейін азайды. Ауыр қылмыстар саны 14,9%-ға (44 106-дан 37 548-ге дейін) төмендеді. Ауырлығы орташа қылмыстар 12,6%-ға (67 340-тан 58 874-ке дейін), ал онша ауыр емес қылмыстар 4%-ға (22 741-ден 21 826-ға дейін) азайды. Алайда аса ауыр қылмыстар саны 15,7%-ға өсіп, 2 241-ден 2 593-ке жетті.

Өңірлер бөлінісінде 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда қылмыстардың ең көбі Алматы қаласында (27 576 жағдай), Астана қаласында (18 041 жағдай), Алматы облысында (10 223 жағдай), Қарағанды облысында (9 264 жағдай) және Шымкент қаласында (6 533 жағдай) тіркелген.

Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі қоғамдағы құқықтық тәртіптің нығаюына ықпал етеді. 2023 жылы жүргізілген зерттеулерге сәйкес, азаматтардың құқық қорғау органдарына деген сенімі біршама артқан.

Құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлық қылмыспен тиімді күресуге кедергі келтіреді. Жемқорлық фактілері азаматтардың құқық қорғау жүйесіне деген сенімін төмендетеді.

Қазақстанда қылмыспен күресу бағытында бірқатар оң өзгерістер байқалады. Мысалы, 2024 жылы қылмыс деңгейі 102 мыңға дейін немесе 11%-ға төмендеді. 2023 жылмен салыстырғанда 12 700 қылмысқа аз тіркелді. 90-шы жылдармен салыстырғанда, ол кезде қылмыс саны 200 мыңнан асатын.

Сонымен қатар, мемлекеттік деңгейде әлеуметтік әділеттілік орнатылмайынша, қылмыс түбегейлі азаймайды. Жұмыссыздық деңгейін төмендету, халықтың табысын арттыру, әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету – азаматтардың қылмысқа бармауына ықпал ететін негізгі факторлар. Тек материалдық жағдайы жақсарған, өз болашағына сенімді қоғамда қылмыс деңгейін төмендетуге мүмкіндік бар. Қылмыспен күрес – бұл тек полиция мен соттардың ғана міндеті емес, бұл – бүкіл қоғамның



Қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – құқықтық мәдениетті дамыту және әрбір азаматтың заңға деген құрметін арттыру. Бұл үшін мектептерде құқықтық сауаттылықты арттыру бағдарламаларын енгізу, жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларды көбейту маңызды. Құқық қорғау органдарының тек қылмысты ашуға ғана емес, оның алдын алуға да ерекше назар аударғаны жөн.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

АСЫЛ МҰРА

ТІЛІМ ТҰҒЫРЛЫ БОЛСЫН ДЕСЕҢ

Ұлттық құндылықтар ана тілден бастау алады. Ең басты байлығымыз да, басты құндылығымыз да – тіл. Әліпбиімізді латын графикасына көшіру мәселесі – қазақ тілінің жаңғыруына жағдай туғызатын оңды қадам болатын. Бұл игі қадам қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны заманауи ғылым мен ақпараттың тіліне айналдыруға мүмкіндік береді. Баяуласа да ақырындап жүзеге аса бастаған латын графикасына көшу кезеңдері әлемдік ынтымақтастыққа ашылған жол болатын.

Жазу – барлық халыққа ортақ, мәдениеттерді жалғастырушы, байланыстырушы құндылықтардың бірі. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Тілді дамыта отырып, ұмытыла бастаған бүкіл құндылықтарымызды қайта түлетеміз. Ол үшін ең алдымен мемлекеттік тілдің беделін көтеруге, оны бүкілхалықтық қолданыс тіліне айналдыруға бәріміз бірлесіп отырып күш салуымыз қажет. Бүкілхалықтық қолданыс тіліне айналғанда ғана мемлекеттік тіл – шын мәніндегі статусын анықтайды, өз тұғырын бекітеді. Сот істерінде қолданыс тілінің аясы кеңеюі маңызды. Ол үшін қарапайым азаматтар өз арыз талаптарын мемлекеттік тілде жолдап, жауапты да мемлекеттік тілде талап ету керек. Тіл үлкен сұранысқа ие болып, кең көлемді қолданысқа түскенде ғана тұғырлы. Ендеше бәріміз ана тіліміздің мәртебесін асқақтатуға бір кісідей атсалысайық.

Айгерім ИБРАГИМОВА,
Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

СҰХБАТ



Аллен ШӘЙЖҮНІСОВ,
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы:

«ОТАНДЫҚ ЭКСПОРТТАУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА ӘЗІРМІЗ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– **Өткен жыл Қазақстанның экспорттаушылары мен агенттік қызметінде қаншалықты нәтижелі болды?**

– Әрине, елдің экспорттық тауарларын қолдау бағытында жүргізілген өзгерістер отандық өндірушілердің өнімдерін экспорттау географиясы мен көлемінің айтарлықтай өсуіне оң ықпалын тигізді. Өткен жылы агенттіктің экспорттаушыларды қолдау көлемі 330 млрд теңгеден асып жығылды. Бұл біздің барлық қызмет кезеңіндегі ең үздік нәтиже екенін атап өткен жөн. Жалпы экономикалық тиімділік 1,7 трлн теңгеге бағаланып отыр. Бұл көрсеткіш экспорттық табысты, өндірілген өнім мен салық аударымдарын бірге қамтиды. Жалпы былтыр біз

350 шетелдік серіктеспен келісімшарт жасасқан отандық 90 экспорттаушыға қолдау көрсеттік. Экспорттық несиелерді сақтандыру, қарыздар мен аккредитивтер айтарлықтай қажетті өнімге айналды. Бұл құралдар сонымен қатар өткізу нарығын кеңейтуге, айналым капиталын ұлғайту және өндіріске жаңғырту жүргізуге мүмкіндік береді. Мысал ретінде «Шин-Лайн» балмұздақ өндіру бойынша зауытты жаңғырту, «ПримаҚұс» құс өсіру кешенінің екінші кезекті құрылысы, «Лотте Рахат» сақтандыру қолдауын атап өтуге болады. Бұл орайда агенттік портфелінің жартысын шағын және орта бизнес құрайды. Біз сонымен қатар Орталық Азия халықаралық банктерімен, Еуропа және шетелдік экспорттық-кредиттік агенттіктермен ынтымақтастықты нығайттық. Бұл

Қазақстан экспорттаушылары үшін жаңа мүмкіндіктерді ашты.

– **Үкіметтің стратегиялық басымдықтардың бірі ретінде мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігін арттыру үшін цифрлық арналарды қолдануға мән беріліп отыр. Агенттікте қандай цифрлық каналдар бар және олар мемлекеттік қолдауды алуды қалай жеңілдетеді?**

– Қазіргі цифрландыру заманы біздің жұмысымыздың аса маңызды кезеңінің бірі. Былтыр клиенттерімізге ыңғайлы болу үшін «Экспорттаушының жеке кабинетін» іске қосқан едік. Бұл цифрлық өтінімдер беру және келісімшарттарды келісудің онлайн платформасы. Ол бизнес процесін кіруден бастап келісімшартқа қол қоюға дейін толығымен электронды жүргізеді. Аталған кешенді тәсіл өтінімдерді

лық сервистерді дамыту және жаңа өнімдерді енгізу болып қала бермек. Біз жақын арада сақтандыру көлемін екі есеге дейін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Екінші деңгейлі банктермен бірге, шағын бизнес субъектілері үшін портфельдік сақтандыру өнімін шығармақпыз. Бұл оларды қаржыландыру қолжетімділігін жеңілдетеді. Сонымен қатар біз көлемін келесі жылы үш есеге дейін ұлғайту жоспарланған сауда және экспорт алды қаржыландыруды ұлғайту жолымен экспорттаушыларға дәстүрлі шетелдік және жаңа нарықтарда болу географиясын кеңейтуде іс жүзінде қолдау көрсетеміз. Мұнымен қоса қайта сақтандыруды дамытуға үлкен назар аударылып отыр. Қолдау көлемі мен санының өсуімен қатар қатер мөлшері де ұлғаятыны сөзсіз. Сондықтан, «Бәйтерек» холдингінде қауіп-қатерді төмендету үшін халықаралық қайта сақтандыру компания-

ЖЕГІҚҰРТ

АШЫҚТЫҚ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСТІ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес әр мемлекеттің межелі міндеті. Себебі сыбайластық етек жайған, парақорлық тамыр алған, жемқорлық дағдыға айналған елдерде даму болмайды. Сыбайлас жемқорлық азаматтардың ертеңгі күнге деген сенімін төмендетеді, халықтың теңдігі мен заңның әділдігіне деген күмәнін еселейді. Сондықтан, өркениет көшіне бет түзеген елдердің қай-қайсысы да жемқорлықпен күреске бірінші кезекте көңіл бөледі.

Қазақстан да жегіқұртқа қарсы ымырасыз күрес жүргізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қадамдарын заңмен шегелеген мемлекеттің бірі. Бұрынғы кеңестер одағының шекпенінен шыққан елдер арасында Қазақстанның алғашқы болып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң қабылдауының өзі кеселді түбірімен жоюға деген жоғары ынтымақтасу көрсетеді.



Болат ПАЗЫЛОВ,
Жаңақорған аудандық сотының судьясы

ларымен және басқа елдердегі ЭКА-мен ынтымақтастықты кеңейтеміз. Тек өткен жылдың екінші жарты жылдығының өзінде ғана қайта сақтандыру көлемі екі еседен астам ұлғайып, бұл қауіпті айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді.

Сөзімнің соңында Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі отандық экспорттаушылар және өндірушілермен ынтымақтастыққа әрқашан ашық әрі әрбір серіктеске жеке жұмыс істеуге және заманауи құралдарды ұсына отырып халықаралық нарыққа шығудың барлық кезеңінде қолдау көрсетуге әзір екенін атап өткім келеді.

– **Әңгімеңізге рақмет. Істеріңіз табысты болсын!**

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ

САЛАДА СЕРПІЛІС БАР

Былтыр Қазақстанның сыртқы тауар айналымы 141,4 млрд АҚШ долларын құрады. Сауда және интеграция министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде Арман Шаққалиев министрлік жабандық сын-қатерлерге қарамастан қызметтің барлық бағыты бойынша оң қорытындымен аяқтағанын жеткізді.

«Өткен жылы сауданың өсуі 9,1 пайызды құрады. Сауда саласына 884,6 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 14,6 пайызға көп. Ішкі тауар айналымы да тұрақты оң динамикада қалып отыр. Мәселен, 2024 жылдың қорытындысы бойынша ішкі тауар айналымы 14,1 пайызға өсіп, 69,6 трлн теңгені құрады. Қазақстанның сыртқы тауар айналымы 141,4 млрд АҚШ доллары болды. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1,6 млрд АҚШ доллар артық екен», – деді министр.

2019 жылы Сауда және интеграция министрлігі құрылғалы шикізаттық емес экспортты қолдау және сауда жағдайын жақсартуға қатысты жұмысты бірінші орынға қойды. Бір ғана мысал, сол жылы тауар айналымы 97,8 млрд АҚШ долларын құраса, 2024 жылы 141,1 млрд АҚШ долларын құрап, сыртқы сауданың жоғары деңгейде тұрақты болуына жеткізді. Ал 2019 жылы шикізаттық емес тауарлардың экспорты 15,1 млрд АҚШ доллары болса, былтыр 40,2 млрд АҚШ долларына артты.

Қазақстан саудада Ресей, Түркия, Қытай, АҚШ, Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Жапония және Орталық Азия елдері мемлекеттермен

тұрақты серіктестік орнатып отыр. Мұның ішінде Ресеймен тауар айналымы елдің сыртқы экономикалық қызметінде маңызды орын алады, бұл экспорт пен импорттың едәуір бөлігін қамтамасыз етеді. 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында тауар айналымы 24,2 млрд АҚШ доллары болды. Ресейге экспортталатын негізгі тауарлар – жер асты қазба байлықтары, яғни көбісі түсті металдар. Ал Ресейден Қазақстанға импорт 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында 5,3% өсті, яғни 16 млрд АҚШ долларын құрады. Импортталатын негізгі тауарлар қатарында табиғи газдан бөлек, түсті металл, бидай, т.б. өнімдер бар.

Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы да тұрақты өсу динамикасын көрсетіп отыр. Былтырғы сауда айналымы қос ел арасында 30,1 млрд АҚШ доллары болды. Ал Қытайға экспортталатын негізгі тауарлар қатарында мұнай, уран, табиғи газ бар. Керісінше, Қытайдан Қазақстанға импорт 2024 жылы 1,5%-ға төмендеп, 15,2 млрд долларды құрады. Сарапшылардың айтуынша, Қытайдан импортталатын тауарлар – телефон аппараттары, жеңіл автокөліктер, есептеу машина-

лары, автокөлік корпустары, жол және құрылыс техникасы.

«Бүгінгі күні Қазақстанның сыртқы саудадағы ең үлкен әріптесі – Қытай. Әрине, Ресеймен тұрақты байланыс бар, бірақ олар кейінгі жағдайға қатысты көп санкцияға іліккен соң біздің шикізаттық өнімге сұранысы азайды. Себебі, Ресей екі-үш жылда өз өндірісін қорғаныс саласына қарай бұрып, бейбіт өмірге қажетті тауарларды шектеді. Әзірге сауда байланысында екінші орында Ресей тұр. Ал Қытайға экспорттау жағына келсек, шикізатпен қоса, тамақ өнімдері кетеді. Импорт жағынан техникалық жабдықтар келеді. Ресейге көмір мен металл жіберсек, ол жақтан көп дайын өнімдер мен қондырғылар алынады. Сондай-ақ Орталық Азия мен Түркиямен де сауда саясатында тығыз қатынастамыз десек болады», – дейді экономика ғылымдарының кандидаты Сапарбай Жобаев.

Сарапшының сөзінше, сыртқы сауда қатынасында мүдделі шет мемлекеттермен арадағы сауда айналымы үшін теміржол мен көлік, сондай-ақ кеме қатынасы өте маңызды рөл атқаратынын ескермей болмайды.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

СПОРТТЫ ДАМУ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТТЫ ДАМУ – ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Салауатты өмір салтын қалыптастыру – қоғамның басты міндеттерінің бірі. Бүгінгі таңда дене шынықтыру мен спортты дамыту мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Себебі, тұрақты түрде спортпен шұғылдану – адамның физикалық және психологиялық денсаулығын жақсартудың тиімді жолы. Дене шынықтырумен айналысу адам ағзасының төзімділігін арттырып, түрлі аурулардың алдын алуға көмектеседі. Сонымен қатар жүйелі түрде спортпен шұғылдану еңбек өнімділігін арттырып, адамның көңіл-күйін жақсартады.

Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Шахарбек Рахман Қуанышұлы бізге өңірдегі осы мәселелер төңірегінде әңгімелеп берді.

Бұқаралық спортқа жіті көңіл бөлінген

– Алматы облысында бұқаралық спортты дамытуға, спорттық резервті даярлауға бағытталған бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2024 жылы облыста «Алатау лигасы» құрылды. Бұл жоба үш спорт түрін – футбол, баскетбол және волейболды қамтиды. «Алатау лигасының» нәтижесінде спорт клубтарында 10 – 15 мың адам дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданып келеді. Бұл қоғамда спорт мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуына ықпал етіп, оң нәтиже көрсетті. Сондықтан «Алатау лигасын» жыл сайын өткізу жоспарланып отыр. Нәтижесінде, облыста

дене шынықтырумен және спортпен айналысатындар саны 642 276 адамды құрайды. Оның ішінде ауылдық жерлерде – 504 633 адам. Бұл көрсеткіш облыс халқының жалпы санының 41,4%-ын құрайды (облыс тұрғындарының саны – 1 551 350 адам). Бұл өткен жылмен салыстырғанда 40 083 адамға артық (2023 жылы – 602 193 адам, 39,5%).

Бұқаралық спортты дамыту мақсатында «Алатау лигасынан» бөлек, «ArtSport» платформасы аясында спорт секцияларына қатысушылар арасында лигалық жарыстар ұйымдастырылады. Бұл жарыс «ArtSport» бағдарламасындағы балалар мен жасөспірімдердің дайындық деңгейін анықтауға, сондай-ақ аймақтық командаларға қосу үшін



спортшыларды іріктеуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жарыс ережесін әзірлеу және басым спорт түрлерін анықтау бойынша жұмыс-

тар жүргізілуде. Балалар спорты дамыту бағытында ерекше жоба ретінде «Жеңіс жолы» лигасын атап өткім келеді. Бұл жоба облыстық және ұлттық құрамаға резервтерді дайындауға, сондай-ақ бәсекеге қабілетті спортшыларды тәрбиелеуге бағытталған.

«Жеңіс жолы» лигасы 5 олимпиадалық спорт түрлері бойынша өтеді – грек-рим күресі, еркін күрес, бокс, дзюдо, таеквондодан.

Қазіргі уақытта бұл жарыстың ережесі әзірленіп жатыр.

– 2024 жылғы 27 тамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының қорытынды жиналысында балалар мен жасөспірімдер спорты дамыту қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, олимпиадалық спорт түрлерін одан әрі қолдаудың маңыздылығын ерекше қозғады. Осы тапсырма аясында қазіргі таңда Туризм және спорт министрлігі Олимпиадалық және бұқаралық спорт түрлерін талдай отырып, басым спорт түрлерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл жағдайда басым спорт түрлерін қаржыландыру бірінші кезекте жүзеге асырылады.

Халықаралық аренада ел намысын қорғайтын үздік спортшыларды ынталандыру мақсатында қазіргі таңда 242 облыс спортшысына 51 000 теңгеден 500 000 теңгеге дейінгі Алматы облысы әкімдігінің стипендиясы тағайындалған. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдерді қолдау мақсатында облыстағы 25 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде 67 спорт түрінен 23 986 бала (оның ішінде 13 597 бала ауылдық жерде) тегін түрде спортпен шұғылданады.

Атқарылып жатқан жұмыс көп

– Облыста кәсіби спортшыларды даярлау жүйесі кешенді түрде ұйымдастырылып, болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, Қарасай ауданында орналасқан «Олимпиада-

лық даярлау орталығы» – спортшыларымыз үшін маңызды база. Бұл орталық заманауи жабдықтармен қамтылған, жоғары білікті жаттықтырушылар мен спорттық медицина мамандары қызмет көрсететін маңызды нысан. Сонымен қатар облыста халықтың спортпен шұғылданыуына жағдай жасау мақсатында 10 дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Аталған кешендер Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылы, Еңбекшіқазақ ауданының Ескі қаласы, Шелек ауылы, Қарасай ауданының Қаскелең қаласы, Талғар ауданының Талғар қаласы, Кеген, Балқаш және Райымбек аудандарының ауылдарында ашылды. Нәтижесінде, облыстағы 1000 адамға шаққандағы спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу көрсеткіші 50,14%-ды құрайды.

Халықаралық аренада ел намысын қорғайтын үздік спортшыларды ынталандыру мақсатында қазіргі таңда 242 облыс спортшысына 51 000 теңгеден 500 000 теңгеге дейінгі Алматы облысы әкімдігінің стипендиясы тағайындалған. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдерді қолдау мақсатында облыстағы 25 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде 67 спорт түрінен 23 986 бала (оның ішінде 13 597 бала ауылдық жерде) тегін түрде спортпен шұғылданады.

Спортшылардың оқу-жаттығу жиындарына қатысуы, қажетті спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі облыстық басқарманың бақылауында. Алдағы уақытта жоғары нәтижеге қол жеткізген спортшыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында «Алатау жастары» бағдарламасы аясында «Отбасы банк» АҚ-мен келіссөздер жүргізілуде.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ ЕРМЕККЕ АЙНАЛДЫ

Соңғы кездері жастардың қолынан түтін будақтағанымен иісі шықпайтын, алайда денсаулыққа зияны шылымнан кем түспейтін электронды темекіні жиі байқайтын болдық. Тіпті электронды темекі мектептегі жоғары сынып оқушыларының да «ермегіне» айналып барады. Ұлт денсаулығына алаңдаған Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Шын мәнінде жастар өздеріне үлкен қауіп төндіріп отыр. Вейптер зиян, одан кәдімгі есірткіге дейін бір-ақ қадам. Оған қарсы шұғыл әрі жүйелі шаралар қабылдау қажет. Шектеулермен ғана мәселе шешілмейді. Есірткі жастардың жанын да, тәнін де улап жатыр. Оның тамырына балта шабылдаса, болашағымыз бұлыңғыр. Бұл мәселе де мені қатты алаңдатады. Химиялық есірткілер нарықта кең ауқымда сатылуда. Криминалдық топтар жастарды осындай заңсыз әрекеттерге тартып жатыр», – деген болатын.

Артында өткен жылы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойып, жастар арасында құрамында никотині бар заттардың таралуының алдын алу және оған қарсы күресу үшін жүйелі шаралар қабылдау, шегуге келмейтін темекі өнімдерін, вейптерді, хош иістендіргіштерді және оларға арналған сұйықтықтарды сатуға, таратуға, сондай-ақ оларды жарнамалауға тыйым салуды заң жүзінде бекіткен болатын. Осыдан соң ұлт денсаулығын кері кетіретін зиянды әдеттің жолы кесілгеніне қуанып едік. Алайда ерте қуаныппыз. Электронды темекі әлі күнге жастардың, әсіресе мектеп оқушыларының қолжетімді дүниесіне айналып отыр. Алматы қаласының орталығындағы мектептердің біріндегі тәрбие ісінің меңгерушісі Сиқымбек Алматы оқушылардың вейпке «бауыр басып бара жатқанына» алаңдаулы.

«Негізі оқушылардың қалтасын тексеруге құқығым жоқ, бірақ кейде оқушылардың жиналып, топтасып, сабағына кешігіп сырттан кіргенін көргенде, мектеп әетханаларынан біртүрлі иіс сезсем ер балалардың қалтасын тінтуге мәжбүрмін. Сеземін олардың күнделікті қалталарына вейп салып жүретінін, бірақ негізсіз тұрғызып қойып тінте алмайсың. Сол бір тінтіп шыққанында жұмыс тартпам вейптің неше түрлісіне толып қалады. Оларды тәркілегеніммен олар барып

тағы сатып алады. Жастықтың буымен әр нәрсенің дәмін татып көруге ұмтылатын сәттері болатынын түсінем. Алайда ұрпағымыз ұлт денсаулығына зиянды әдеттерге әуестенбей, керісінше салауатты өмір салтын ұстануға тырысып, жас ағзаларын не болса сонымен уламаса екен деймін. Біз ғана емес ата аналар да бір мезгіл балаларының сөмкесін тексеріп, сырт киімдерінің қалтасын қарап, жаман әдеттерге әуестенуінің алдын алса екен. Одан гөрі түрлі үйірмелерге қатысып, спортпен достастыра білсек дұрыс болар еді», – дейді.

Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігінің соңғы төрт жылда шылым шегу бойынша жүргізген мониторингтік есебіне сенсек, жалпы бір реттік шылымды сатып алатын 12 мен 15 жас аралығындағы жеткіншектер саны соңғы жылдары үш есеге артқан. Бұл әрбір мектептегі ұлдардың 15%, қыздардың 6% электронды темекінің дәмін татып көрді деген сөз. Мамандар да электронды темекінің ұрпақ денсаулығына әсеріне алаңдаулы. Профессор Шахметов Белгібай «Бұл жастардың өкпесіне бағытталған тажал. Вейптің құрамындағы никотин шылымнан кем емес. Ол жетілмеген ағзаның ми қызметіне кері әсер етіп, баланың есте сақтау қабілетін нашарлатады, басын ауыртып, бүкіл ағзаны қартайтады. Негізгі жасөспірім электронды темекіге тез «ба-



уыр басып» қалады. Басында қызығушылықпен көргенімен, одан кейін бас тарту, тәуелділіктен арылту қиынға соғады. Қазірдің өзінде шетелдік сарапшылар вейп иммунитеттің әлсіреуін тудырып, өкпе мен жүрек тіндерінің зақымдануына алып келетінін, когнитивті бұзылуларды тудыратынын айтып жатыр. Ал біздің елімізде әлі бұл толық зерттелген жоқ. Зерттеу жасаймын дегенше талай ұрпақ денсаулығынан айырылатын болады. Электронды темекі бронх демікпесін өршітіп, созылмалы бронхит және жүрек-қан тамырлары ауруларын да қоздырады, инфаркт пен инсульт қаупін арттырады. Кейбіреулер темекіден гөрі вейптің денсаулыққа зияны аздау деген әңгіме айтып жүр. Шын мәнінде бұл жалған жарнама. Денсаулыққа екеуі де зиян. Ұлт саулығына жанымыз ашыса вейптің зиянын ашық айтып, темекінің денсаулыққа залалын жиі көрсетіп, ел ішінде сол бағыттағы роликтерді таратып, маман пікірімен дәлелді ұсынып отыруымыз қажет», – дейді.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

СКРИНИНГ

Жамбыл облысында халыққа 392 денсаулық сақтау нысаны медициналық қызмет көрсетеді. Ондағы 15 237 адамның 3 355-і дәрігер, 11 882-сі орта буын қызметкерлері. Өңірдегі мемлекеттік ұйымдардағы дәрігерлер тапшылығы 2024 жылдың қорытындысымен 70 бірлік (22 қала, 48 ауыл). Кадрлардың тапшылығы мәселесін шешу мақсатында жергілікті бюджеттен жоғары жағдайда оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау үшін гранттар бөлінеді. Жергілікті атқарушы органның грантымен жоғары білімі бар кадрларды даярлау үшін жалпы медицина мамандығы бойынша 51 білімгер, резидентурада 84 дәрігер оқиды.

88 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ТЕКСЕРІСТЕН ӨТТІ

«Жамбыл облысында былтыр медициналық тексерумен 132 383 адам қамтылды. Онда 44 248 диагностикалық зерттеулер, 9 257 зертханалық тексеру, 159 408 бейінді мамандардың консультациясы көрсетілді. Тұрғындарды қарау барысында 7 064 науқас анықталып, 3 249 адам МСАК ұйымына есепке алынды. Скринингтік тексерулерде жүрек-қан тамыр аурулары бойынша – 88 066 адам тексеруден өткізіліп, 7 404-нен аuru анықталды. Қант диабетінен 88 066 адам тексеруден өткізіліп, 1 081-нен аuru анықталды. Глаукома бойынша 88 066 адам тексеруден өткізіліп, 173-нен аuru анықталды. Сүт безі обырын ерте анықтау бойынша 51 420 әйел маммографиядан өткізіліп, 10 309-нен аuru анықталды. Жатыр мойны обырын ерте анықтауда 47 541 әйел цитологиялық зерттеуден өтіп, 2 297-нен аuru анықталды. Коло-ректалды рактан (КРР) 58 796 адам тексеріліп, 449-нен аuru анықталды», – дейді Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы міндетін атқарушы Ерік Мұсабаев.

Ерік Тілләбекұлының сөзіне қарағанда, инфрақұрылым бойынша 2024 жылы 7,4 млрд теңгеге 24 нысанның құрылысы жүргізілді. Оның ішінде 20 медициналық-санитарлық нысан (4-ДА, 10-ФАП, 6-МП) «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасымен жүргізілді. Жоспар бойынша быыл: МСАК ұйымдарында өз бетінше мейіргерлік қабылдауды енгізу; пациенттерді қашықтан қабылдау кабинеттерін енгізу; МСАК-тағы педиатриялық учаскелерді кезең-кезеңімен қысқарту; МСАК мамандары үшін біліктілікті арттыру бағдарламасы арқылы амбулаториялық деңгейде (кардиология, нефрология, эндокринология, гастроэнтерология, офтальмология, оториноларингология, хирургия) пациенттерді қадағалау бойынша оқыту жүргізу; МСАК жұмыскерлерін құқықтық сауаттылық, тиімді коммуникациялар, этика және деонтология мәселелері бойынша оқытуды қамтамасыз ету; МСАК барлық медициналық ұйымдарын-

да пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметінің жұмысымен қамтамасыз ету; 2024–2026 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының клиникалық фармакология қызметін жетілдіру жөніндегі жол картасына сәйкес, барлық стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда госпитальдық фармация бөлімдерін ашу; жергілікті бюджет қаражаты есебінен шетелдегі медициналық ұйымдарда 6 медицина қызметкерлерін оқуға жіберу, шетелдік мамандарды тарта отырып 4 мастер класс ұйымдастыру; 1 486,7 млн теңге 6 нысанды күрделі жөндеуден өткізу; 2024 жылдан өтпелі 4 нысанның құрылыс жұмыстарын аяқтау 2 812,9 млн теңгеге арнаулы қордан қаржыландыру қарастырылып отыр. Егер былтырғы атқарылған жұмыстарға көз жүгіртсек: денсаулық сақтау саласының «Ақылмандар кеңесінің» құрамы бекітіліп, саладағы өзекті мәселелер шешімін табуда. Басқарманың ресми интернет ресурстарында, сонымен қатар жергілікті және республикалық БАҚ арқылы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Әлеуметтік желіге тіркелушілер саны – (20,2 мың) адам болса, жарияланған ақпарат саны – 13 000. Тұрғындарға шұғыл, жоғары технологиялық медициналық көмекті алтын сағат қағидасын жоғалтпай көмек көрсету мақсатында 3 аудандағы (Меркі, Талас және Шу) аудандық орталық ауруханалары, көпбейінді аудандық орталық ауруханалары болып жаңғыртылды. Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасының базасында стационарлық деңгейдегі ревматологиялық орталық ашылды. Ұрықтың туа біткен даму ақауларын ерте диагностикалау және алдын алу, сәбилер өлімін азайту, мүгедектіктің алдын алу мақсатында 2024 жылдың қыркүйек айында облыстық перинаталдық орталықтың базасында «Клиника Одного дня» пилоттық жобасы жүзеге асырылды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



ТАБИҒИ ГАЗ АУЫЛДАРҒА ЖЕТТІ

2024 жылы еліміздегі табиғи газдың игілігін көрген халықтың саны 61,8 пайызға жетті. Егер елімізде 6 386 елді мекен бар екенін ескерсек, оның 1 846-сында ғана бұл игілік қолжетімді болып отыр.



Сондықтан Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жолдаған сауалында Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов Қызылорда облысында 236 елді мекеннің 38-і, Түркістан облысында 831 елді мекеннің 477-сі, Жамбыл облысында 371 елді мекеннің 277-сі, Алматы облысында 384 елді мекеннің 157-сі, Жетісу облысында 358 елді мекеннің 65-і ғана газдандырылғанын мәселе етіп көтерді. Оның айтуынша, еліміздің 5 өңірінде газдандыру деңгейі 20 пайыздан да аз.

«Президенттің әлемдік деңгейде абырой-беделі мен ұтымды саясатының арқасында елге триллиондаған инвестиция тартылып жатыр. Солардың бірі – «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісі. Жоба құны шамамен – 3,1 трлн теңге. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі ең ірі инфрақұрылымдық жобасының бірі. Жоба арқылы Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Қызылорда, Қарағанды, Түркістан, Жамбыл, Ұлытау, Алматы облыстарын газбен қамтамасыз етуге болады. Сондай-ақ, көптеген жұмыс орындары ашылады. Еліміздің әр ауылына газ келіп, мұқым жұрт мәз болатын күн туатынына сенеміз. Осы ретте, Үкімет елді мекендерді газдандыру жұмысын әрі қарай жандандыру қажет», – деген еді Мәжілістің жалпы отырысында Мархабат Жайымбетұлы.

Осы хатқа жазбаша берген жауабында Роман Скляр: «Үкімет жаңа газ құбырларын салу және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту, халық пен кәсіпорындарға газдың қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударып отыр. Өңірлерді газдандыруға қаражат бөлу қазіргі бюджет тапшылығын

ескере отырып, қолжетімді ресурстар шегінде жүзеге асырылады. Биылға арналған республикалық бюджетте газдандыруға 65,9 млрд теңге қарастырылған, жергілікті бюджеттен 24 млрд теңге бөлінеді. Тұтастай алғанда, бұл 2025 жылдың соңына қарай еліміздің газдандыру деңгейін 62,6%-ға дейін көтеруге мүмкіндік береді», – деді.

Роман Васильевичтің сөзіне қарағанда, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» екінші желісін салуға қатысты 2024 жылғы 30 қыркүйекте «QazaqGaz» ҰК мен Қатарлық УСС Холдинг компаниясы арасындағы Бірлесіп іске асыру туралы келісімге қол қойылды. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу 2024 жылғы желтоқсанда аяқталды, 2025 жылғы I тоқсанда мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алу жоспарланып отыр. Сәуір айында құрылыс-монтаждау жұмысы басталады. I кезең 2026 жылы аяқталады деп жоспарланған. Қазір тараптар инвестициялар туралы келісім жобасы мен газ тасымалдау туралы келісімнің егжей-тегжейін пысықтап жатыр. Бұдан басқа да магистральды газ құбырларын салу бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2024 жылдан бастап «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Талдықорған-Үшарал» МГ салу жобасын іске асырып жатыр, оның құны 131,7 млрд теңгені құрайды. Негізгі жұмыстар биыл аяқталады. Объектіні пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланып отыр. Жиынтық түрде аталған жобаларды іске асыру 13 млн адамды үзіліссіз табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ерлік КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

«ЕКІ ТАҒДЫР – БІР ӨМІР»

«Қанаттылар» инклюзивті театры Астанадағы Жастар театрында «Екі тағдыр – бір өмір» атты автобиографиялық драмасын көрерменге ұсынды. Бұл – үміт пен күреске толы тағдыр жолы, жігер мен сенімнің жеңісі туралы хикая. Ол адам тәзгісіз сынақтарға қарамастан, мойымаған рух пен махаббаттың құдіретін дәріптейтін автобиографиялық драма. Авторы – Ақбота Ермаханова, режиссері – Сүндет Сәрсен.

Бұл драманың басты ерекшелігі – инклюзивті театр актерлерінің қатысуында. Қойылымда әртүрлі өмірлік жағдайға қарамастан, сахнада жарқырай алатын ерекше жандар өнер көрсетеді. Атап айтқанда: ДЦП диагнозы бар; есту қабілеті төмен; арбада қозғалатын актерлер өз қабілетін сахнада сынап көреді.

«Қанаттылар» инклюзивті театры – сахнадағы шектеулерді жойып, өнер арқылы мүмкіндікті кеңейтетін ерекше шығармашылық алаң. Оның негізі 2021 жылы 5 қазанда Мүгедектер күні қарсаңында қаланған.

Атап айтқанда Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жастар театры» МКҚК жанынан «Qanattyar» инклюзивті бөлімі ашылды. Оның басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі дарынды жандарды дамыту және қоғамға әлеуметтендіру болатын. Ал биыл «Қанаттылар» театры өз алдына жеке шығармашылық ұжым ретінде құрылып, өз жолын бастады. Бүгінде театр құрамында 40-қа жуық актер бар. Ұжымның репертуарында «Қанаттылар» музыкалық-поэтикалық спектаклі, «Үй таңдаған лақ» ертегісі, «Қызжылаған» драмасы, «Өмір-ғайып» мелодрамасы, «Күле аласыз ба?» комедиясы, «Арман» музыкалық драмасы, «Бір өмір – екі тағдыр» өмірбаяндық драмасы, «Алло, бұл кім?» лирикалық комедиясы сынды түрлі жанрдағы қойылымдар бар.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

КҮШ БІРЛІКТЕ

ӘЛЕМ ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

Австрияның Вена қаласында БҰҰ-ның Есірткі заттар жөніндегі комиссиясының 68-сессиясы өтті.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, ондағы кездесудің бірі – Есірткіге тәуелділік пен қылмыстың алдын алу шараларына қатысты болды. Онда қатысушылар қоғамды есірткі қаупінен қорғауға арналған институционалды тетіктерді талқылады.

Бұл кездесуде Қазақстанды БҰҰ ЕҚБ аймақтық жастар желісін бөлігі саналатын Esbol Qoғу қоры таныстырды. Қор есірткіге қатысты вирустық контентті анықтап, оны бұғаттайтын «MERGEN» ақпараттық жүйесін таныстырды. Бұл жүйенің көмегімен Қазақстан аумағында 4 мыңнан астам интернет-ресурс анықталып, бұғатталған. Былтыр қордың қолдауымен Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары есірткі

сатушылар мен тұтынушылардың жолын кесуге көмектесетін digital-карта ұсынған болатын. Онда қосымшаның көмегімен кез келген азамат есірткі қылмысының орнын белгілеп, көрсете алады. Яғни, қылмыстың жасырын жарнамасына куә болғандар esbol.kz сайтына кіріп, картаға фотосуретті жүктеп алады. Сол бойынша тәртіп сақшылары белгіленген мекенжайды көріп, есірткі саудагерлерін құрықтайды. 2021 жылдан бері есірткі қылмысына талдау жүргізген қор бұл жолы жаңа жүйені таныстырып отыр.

Жалпы, Есірткі бизнесі мәселесі жөніндегі комиссия (CND) БҰҰ-ның есірткі саясатын жүргізу жөніндегі орталық органы болып табылады. Ол ғаламдық есірткі жағдайын қарайды және талдап, залалдың алдын алуға көмектеседі.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨЛІК ЛОГИСТИКА

АЛТЫН КӨПІР

Қазақстан көлік инфрақұрылымы саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру шеңберінде бес локомотивті Қырғызстанға өтеусіз тапсырды. Оны Қазақстан Үкіметі құрған дамуға ресми көмек саласындағы оператор саналатын «KazAID» Қазақстандық халықаралық даму агенттігі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жүзеге асырды.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің ведомстволық бағынысты бұл ұйымы дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, реципиент елдерде даму мен тұрақты өсуге жәрдемдеседі, Қазақстанның әртүрлі салалардағы жетістіктерін ілгерілетеді, тәжірибе алмасуға және әртүрлі елдердің

мамандары арасында байланыс орнатуға ықпал етеді.

– Бұл қадам Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы бауырластық қатынастарды нығайтатын дамуға ресми көмектің дәлелді мысалы, сондай-ақ инфрақұрылымдық бастамаларда KazAID қолдауының негізі болып табылады, – деді KazAID төрағасы Аркен Арыстанов. Оның айтуынша, көрші елге берілген бұл партияға қазақстандық Қаратаус, Жем және Шымкент теміржол станцияларынан шыққан екі маневрлік локомотив және үш магистральдық локомотив кірді. Қырғыз Республикасының «Қырғыз темір жолу» ұлттық компаниясы мемлекеттік кәсіпорнына берілген бұл локомотивтер Қырғызстан темір жолдарындағы жүк тасымалы мен маневрлікті едәуір жақсартуға, өңірдің одан әрі экономикалық дамуын қолдауға көмектеседі деп жоспарлануда.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӘРТҮРЛІ

2. Рудный қалалық сотына (Қостанай облысы) Рудный қаласының тұрғыны, Строительная көшесі, 45-5 мекенжайында тұратын Прихожий Виктор Викторовичтен Азаматша Прихожая (Ефимова, Шварц) Татьяна Николаевна (10.03.1961 жылы туған, Қостанай қаласының тұрғысы, жұмыс орны белгісіз) хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы өтініш келіп түсті.

Азаматша Прихожая (Ефимова, Шварц) Татьяна Николаевна қайда екендігі туралы мәлімет бар адамдардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімі ішінде Рудный қалалық сотына мына мекенжай бойынша хабарласуын сұраймыз: Рудный қаласы, Володарский көшесі, 190, немесе келесі телефон нөмірі арқылы: 87143139920, электрондық пошта: 714-2696@sud.kz.

4. «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесі (БИН 230340012665) бөлу жолымен «Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Түркістан облысының өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» болып қайта ұйымдастырылғанын хабарлады.

Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көшесі, 20-ғимарат. Тел. 5-93-57.

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

- «FORTUNE Company» ЖШС (БСН 240140033038) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, Алтаев көшесі, 18-үй.
- «ХанТранс» ЖШС (БСН 180640034134) өзінің таратылатыны

туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Рудненская көшесі, 104-үй.

6. «Лидер БАА» ЖШС (БСН 231040020350) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Ә.Сасбұқаев көшесі, 10-үй, пошта индексі 160300.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқпал көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Любаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779. E-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

СОТ МІНБЕРІ

Келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасына талдау жүргізу азаматтар үшін аса пайдалы. Себебі күнделікті өмір көрсетіп отырғандай, азаматтар дәл осындай даулармен жиі бетпе-бет келеді. Соның ішінде жол-көлік оқиғаларындағы залалды өтеуге қатысты құқықтарды қорғауда көпшілікке сабақ болар сот тәжірибелерін бөлісіп, жария талқылап отырудың көмегі көп.

**МАТЕРИАЛДЫҚ ЗАЛАЛДЫ
ӨТЕУДЕ НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?**



Марина САХИПОВА,
Сырым аудандық сотының төрағасы

сақтандырылмаған. Дегенмен, жол көлік оқиғаларының көпшілігі жүргізушілердің салғырттығынан, сауатсыздығынан орын алады. Бұл жолы да жол апатына жүргізуші кінәлі.

Азаматтық кодекстің 917-бабына сәйкес, мүлктік немесе мүлктік емес игіліктер мен азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарына заңсыз әрекеттермен келтірілген зиянды зиян келтірген адам толық көлемде өтеуге тиіс. Көлік құралына бағалау туралы есепке сәйкес, физикалық тозуды ескере отырып, қалпына келтірудің нарықтық құны 1 723 475,10 теңгені құрады. Осы іс барысында сот тарапынан дауды

лар үшін қауіп төндірді, нәтижесінде талапкердің көлік құралына зақым келтірген жол апаты орын алды.

Азаматтық кодекстің 935-баптың 2-тармағына сәйкес, егер жәбірленушінің өзінің өрескел абайсыздығы зиянның туындауына немесе ұлғаюына ықпал еткен болса, онда жәбірленушінің және зиян келтірушінің кінәсінің дәрежесіне байланысты өтемақы мөлшері азайтылуы тиіс. Айталық бұл жерде сот көлік апатының мән-жайы мен уақытын, тараптардың әрқайсысының кінәлік дәрежесін назарға алады. Соның ішінде кез келген жүргізуші жол-көлік оқиғасының алдын алу үшін көлік құралы мен жүктің ерекшелігін, жол және метеорологиялық жағдайды, қозғалыс бағытындағы тосын кедергілерді ескере отырып жылдамдықты шектен тыс көтермеуі тиіс. Бұл тосын жағдайда апаттың алдын алып, қауіпсіздікті сақтауға көмектеседі. Өкінішке қарай, жүргізушінің жол қауіпсіздігін бақылай алмағаны көрініп тұр. АҚ-нің 931-бабының 2-тармағына сәйкес қауіптілігі жоғары көздердің өзара іс-қимылы нәтижесінде олардың иелеріне келтірілген зиян жалпы негіздерде өтеледі. Бұл ретте екі немесе бірнеше тараптың кінәсінен келтірілген зиян олардың әрқайсысының кінәсінің

Сот тәжірибесінен келтірілген бұл мысалдар жол көлік апаттарынан болатын залалды өтеудің күрделі екенін, екі тараптың кінәсін айқындау, залал мөлшерін дәл белгілеу оңайға соқпайтынын көрсетті. Осы ретте ортақ жолдағы құқықтық мәдениет пен сыйластықтың төмендігін айтпай кетуге болмайды.

татуластыру рәсімімен реттеуге бірнеше рет шара қабылданды, бірақ тараптар татуластыру рәсімдерін қолданудан бас тартты. Соған орай А.К-нің талабы қанағаттандырылып, көлікті қалпына келтіруге кететін шығынды өндіру жауапкерге жүктелді. Бұдан шығатын қорытынды: жол апатын тудырып, материалдық зиян келтіргендер шығынды өз еркімен жабуға тиіс.

Қара жолда қараусыз қалған мал да кейде жол апаттарының туындап, материалдық шығынның қалыптасуына ықпал етіп жатады. Айталық «Самара-Шымкент» тас жолында қараусыз малдың жолға шығып кетуі салдарынан жол-көлік оқиғасы орын алды. Нәтижесінде талапкердің көлік құралы зақымданған. Жалпы елімізде малды қараусыз қалдырғандарға тәртіптік жауаптылық бар. Бұл оқиғада да қараусыз мал «Самара-Шымкент» тас жолына шығып кетіп, жол қозғалысына қатысушы-

дәрежесіне сәйкес өтеледі. Осыған байланысты сот парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып, келтірілген залалды өтеу мөлшерін 1 866 278 теңгеге дейін азайтуды орынды деп санады.

Міне, сот тәжірибесінен келтірілген бұл мысалдар жол көлік апаттарынан болатын залалды өтеудің күрделі екенін, екі тараптың кінәсін айқындау, залал мөлшерін дәл белгілеу оңайға соқпайтынын көрсетті. Осы ретте ортақ жолдағы құқықтық мәдениет пен сыйластықтың төмендігін айтпай кетуге болмайды. Егер азаматтар жол ережесін қатаң сақтап, бір-біріне жанашырлық танытқанда, бір-біріне жол беріп, көмек көрсетуді дағдыларына айналдырғанда материалдық залалды өтеу бойынша даулар қазіргідей көп болмас еді.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

**СОТ АҚТІЛЕРІНІҢ
ОРЫНДАЛУЫ МІНДЕТ**

Заңы үстем тұратын қоғамда ғана әділдік салтанат құрады. Әкімшілік-рәсімдік процестік кодекстің 18-бабының 3-бөлігіне сай, заңды күшіне енген сот актілерін, соттар мен судьялардың сот төрелігін іске асыру кезіндегі өкімдерін, сондай-ақ, талаптарын, тапсырма, шақыруларын, сұрау салуларын, басқа да жолданымдарын барлық мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды немесе жеке тұлғалар, лауазымды адамдар республиканың барлық аумағында көрсетілген мерзімде орындауға міндетті. Айттып өтерлігі, Конституциялық Сот конституциялық емес деп таныған заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге негізделген сот актілері ғана орындалуға жатпайды.



Бахыт САТИЕВА,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

хабарлауы тиіс. Егер жауапкер сот шешімін өз еркімен орындамаса, оған ақшалай өндіріп алу шарасы қолданылады. Ақшалай өндіріп алу нормалары аталған кодекстің 127-бабында белгіленген. Соған орай, тоқталсақ, ақшалай өндіріп алу жеке және заңды тұлғаға, лауазымды адамға, не оның өкіліне он айлық есептік көрсеткіштен бастап жүз АЕК-ке дейінгі мөлшерде салынады. Соттың ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы ұйғарымының көшірмесі ақшалай өндіріп алу қолданылатын адамға беріледі. Бұл шараны қолдану мәселесі сот отырысында қаралып шешіледі және оның өтетіні туралы жауапкерге алдын ала хабарланады.

Жауапкер соттың шешімі мен өзге де талаптарын бір ескертуде орындамаса, он АЕК-ке ұлғайтылған мөлшерде қайтадан ақшалай өндіріп алу қолданылады. Жауапкерді ақша сомасын төлеуге міндеттейтін, ерікті түрде орындалмаған соттың шешімі атқару парағының негізінде мәжбүрлі түрде орындалады, ол талап қоюшының арызы бойынша жазып беріледі.

Әкімшілік процеске қатысушыдан өтінішхат түссе, соның негізінде дереу орындауға жіберілген сот актісінің орындалуын сот кез келген уақытта тоқтата алады. Бұл тұрғыда тез арада орындауға жіберілген сот актілерінің күші жоғары тұрған сатының сот актісімен жойылып, өзгертілсе орындауға жатпайды.

Әкімшілік әділет институтының құқықтық мемлекет идеясына сәйкес, мемлекеттік, жергілікті органдар мен азаматтар арасындағы қатынастарда заң үстемдігін қамтамасыз етуде маңызы зор.

Жалпы алғанда заң талаптарының сақталуы халықтың құқықтық біліміне тікелей байланысты. Осы себепті, заң талаптарының маңызы, сот актілерінің рөлі, оларды орындамаған жағдайда көзделген жауапкершілік туралы түсіндіру шараларын ұдайы жүргізу қоғамда құқықтық мәдениеттің қалыптасуына негіз болады. Мысалы, сот актілерін, сол сияқты сот талаптарын орындамау Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте көзделген процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануға және өзге де жауаптылыққа алып келеді.

Осы кодекстің 171-бабымен айқындалғандай, заңды күшіне енген сот шешімі үш жұмыс күні ішінде жауапкерге жіберіледі. Ал жауапкер оны бір айда орындап, сотқа

патталады. №1 Оқушылар үйі Алматы қаласындағы Алатау ауданының мектептері мен ұйымдары арасында аудандық деңгейде түрлі мәдени, танымдық және шығармашылық іс-шараларды ұйымдастырып келеді. Мысалы, мекеме ұжымы былтыр аудандық деңгейде 30-дан астам мәдени, шығармашылық және танымдық іс-шаралар, робототехника және техникалық үйірмелер бойынша шеберлік сабақтарын өткізді.

Жыл басынан бері іс-шараларға 3 мыңнан аса оқушының қатысуы педагогикалық ұжымның белсенді жұмысын көрсетеді. «№1 Оқушылар үйі» заман талабына сай, балалардың шығармашылық, техникалық және зияткерлік қабілетін дамыту үшін инновациялық жобаларды іске асырып, материалдық-техникалық базасын үздіксіз жетілдіріп келеді. Оқушылар үйіндегі «Robotics Lab» және «Makerspace» зертханалары робототехника мен бағдарламалау саласындағы

дағдыларды меңгертуде. Бұл нәтижесіз емес, робототехника үйірмесінің балалары халықаралық және республикалық байқауларда жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, оқушылар үйінде мектепалды «Достық» жазғы лагері жұмыс істейді. Оған жыл сайын 400-ден астам бала қатысады. «Достық» лагері балалардың бос уақытын пайдалы өткізуіне, жаңа дағдыларды игеруіне және өз қабілетін танытуына мүмкіндік береді. Олардың шығармашылық белсенділігі артып, жаңа достар тауып, өзін-өзі дамытуға мотивация алады.

Жақында осы орталық ұйымдастырған «Менің жүрегімдегі жеңіс» ақындр мұшайрасына қатысуы, талантты оқушылардың өнеріне тәнті болдық. №1 Оқушылар үйінің тек Алматыда емес, қосымша білім беру саласында Қазақстан бойынша үлгілі мекеме екеніне осы жетістіктері дәлел.

Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

**ӨНЕРЛІ БАЛАЛАРҒА
ҚАМҚОР МЕКЕМЕ**

Еліміздің білім беру саласында жүзеге асырылып жатқан реформалар ел ертеңі балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға, сол арқылы жан-жақты, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге бағытталған. Осы орайда жасөспірімдерге қосымша білім берудің маңызы зор десек, елімізде мұндай мекемелер аз емес. Солардың бірі 50 жылға жуық тарихы бар Алматы қаласының білім басқармасына қарасты №1 оқушылар үйі. Алатау ауданында орналасқан мекеме ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, бала бойына патриоттық сезім қалыптастыруға, шығармашылық арқылы өзін-өзі дамытуға жағдай жасауда.

Бүгінде оқушылар үйінде 60-тан астам үйірме жұмыс істейді. Педагогика ғылымдарының магистрі, білікті басшы Дәуірхан Қожахметов бастаған ұжым екі мыңнан астам дарынды баланы жан-жақты тәрбиелеуде. Олардың арасында халықаралық, республикалық, қалалық деңгейде өткен түрлі

байқауда 600-ге жуық оқушы жүлделі орынға ие болған. Атап айтсақ, Беларусь республикасында өткен «Славянский базар» байқауында «Жас өркен» бишілері, Түрік еліндегі «Alash Star» байқауында «Өркен» домбыра ансамблі, Өзбекстанда «TASHKENT MUSIC FEST» халықаралық конкур-



сында бас жүлдені иеленді. Сонымен қатар, «Жетіген» үйірмесінің балалары Германияда «Andantino» IV және Түркияда «Art planet» және «Melody» сайыстарынан жүлделі орынмен оралды.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы», деп хакім Абай жырлағандай, «Айттыс – сөздің майданы» үйірмесіне қатысатын 150 бала айттыс өнерін меңгеруде. Ал «Тоғыз тосқауыл» үйірмесі қазақ мәдениеті мен дәстүрін насихаттаса, «Жас ұлан» балалардың ел мен жерге деген патриоттық

сезімін арттыруға бағытталған. №1 оқушылар үйінде жыл сайын «Халықаралық отбасы» күнінде «Әке – тәрбие тамыры» слеті дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Онда әкенің отбасындағы рөліне басымдық беріліп, отбасылық құндылықтар дәріптеледі. «Қала. Саябақ», «Гүлдер валісі», «Бисер» көрмелері балаларды табиғатты аялауға, әдемілікке, қолөнерге баулиды.

Қалалық іс-шараларға жыл сайын 1500-ден астам бала қатысса, соның 30 пайызы жүлделі орындарға ие болып, арнайы сыйлықтармен мара-

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабилдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@astana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6481 дана
Апталық таралым 12 962 дана
Тапсырыс №939 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-төлемдер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31